

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 296 "Батыс Қазақстан облысы бойынша такси тұрақтарын ұйымдастыру және жабдықтау туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 5 қазандағы № 207 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 қазанда № 30061 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №296 "Батыс Қазақстан облысы бойынша такси тұрақтарын ұйымдастыру және жабдықтау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4997 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Г. Искалиев